

**«6D011600 - География» мамандығы бойынша философия докторы  
(PhD) дәрежесін алу үшін Усенов Нурбол Ергешовичтің «Жаңартылған  
білім мазмұны аясында оқушыларда экономикалық-географиялық  
ұғымдар мен заңдылықтарды қалыптастыруды тиімді педагогикалық  
технологияларды қолданудың әдістемелік негіздері» тақырыбында  
жазылған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

**СЫН ПІКІРІ**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы  
мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника  
дамуының сұраныстарымен) байланысты.**

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының білім саласында бір қатар түбебейлі өзгерістер орын алды. Олар негізінен отандық білімді жоғары деңгейге және халықаралық бәсекелестікке бағыталған. Өзгерістер әсіресе орта білім беру жүйесінде жаңартылған білім мазмұнына көшумен байланысты. Орта білім беру жүйесінде тиіптік оку бағдарламалары өзгеріп пәндердің мазмұны және оқу мақсаттары қайта қарастырылған. Олар барлығы негізінен оқушылардың сынни ойлау дағдыларын және функционалдық сауатылықты көтеруге бағытталған. Өзгерістер ең алдымен білім арқылы отандық экономиканы жаңа сатыға және индустральды-инновациялық дамуына орасан зор әзер келтіретіні бәрімізге мәлім. Сонымен қатар орта білім мен жоғары білім арасындағы қарым-қатнастар жаңа өзгерістерге түсіп жатыр. Ең алдымен ол педагогикалық мамандарды даярлау барысында өзгерістерге бейімделген кадрларды дайындау. Бұл орайда география пән мұғалімдері де өзекті мәселе болып табылады. Әсіресе Қазақстан Республикасының экономикасын көтеру мақсатында экономикалық-географиялық білімнің маңызы өте жоғары. Әйткені экономика негізінен табиғат ресурстарды зерттеу, бағалау және пайдалану арқылы іске асады.

Жаңартылған білім мазмұны өзіне тән әдістемелік және дидактикалық шешу жолдарды қажет етеді. Олар көпшілігі Блум таксономиясы, оқушылардың құзыреттілігі, саралап оқыту, критериалды бағалау және де басқа жолдар арқылы іске асады. Жаңа талапқа сай мектепке жоғары оку орындары белсенді және креативті мамандарды дайындау өзекті проблемалары болып табылады. Сондықтан диссертация тақырыбы жоғарыда аталған мәселе дері шешуге мүмкіншілік береді деп айтуға болады.

География пән ретінде негізінен оқушыларды қоршаған ортада болып жатқан өзгерістерге бейімделуге мүмкіншілік берумен қатар, геоэкономикалық, геоэкологиялық, саяси және ғаламдық проблемаларды шешу негізгі мақсат болып табылады. Географиялық білім оқушылардың географиялық мәдениетін және географиялық ойлау арқылы болып жатқан өзгерістердің себебін, таралуын, шешу жолдарын қарастырады. Ол негізінен экономикалық-географиялық ұғымдар мен терминдерді игеру арқылы жүзеге асырылады.

Н.Е Усеновтің ұсынып отырған диссертациялық жұмысының мақсаты, нысаны, пәні және міндеттері дұрыс қойылған. Өйткені бүгінге дейін география пәні бойынша қарастырылып отырған мәселелері ғылыми түрғыда қарастырылмаған. Сондықтан диссертациялық жұмысының өзектілігінде күмән жок, ал қойылған міндеттерді шешу арқылы Усенов Н.Е. мақсатына жетті деп айтуға болады.

## **2. Диссертацияға қойылатын талаптар шенберіндегі ғылыми нәтижелер.**

Н.Е. Усенов диссертация жұмысты орындау барысында бір қатар ғылыми нәтижелерге қол жетті, ол:

*Біріншіден*, Қазақстандық, алыс және жақын шетелдердің танымал зерттеушілердің философиялық, дидактикалық, әдістемелік, педагогикалық-психологиялық еңбектеріне сүйене отыра диссертациялық тақырыпқа сай жан-жақты ғылыми ізденіс жұмыс әзірледі. Жалпы орта білім беретін мектепте «Қазақстан географиясы» курсындағы экономикалық - географиялық ұғымдармен заңдылықтардың құрылымы негізделіп талдау жасалды.

*Екіншіден*, оқушылардың экономикалық-географиялық білім сапасын жоғарлату барысында диагностикалық жұмыс арқылы экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтар бойынша оқушылардың алдында алынған білімі мен іскерлігі анықталды.

*Үшіншіден*, оқушылардың сынни ойлау дағдыларын қалыптастыру барысында экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтарды игеруге арналған тиімді педагогикалық технологиялар негізделді және ұсынылды.

*Төртіншіден*, экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтарды қалыптастыру әдістерінің тиімділігін экспериментальды түрде тексерілді және оның тиімділігі анықталды.

*Бесіншіден* көп тілдік дағдыларын дамыту мақсатында қазақша-орысша-ағылшынша экономикалық географиялық ұғымдар мен терминдердің сөздігі әзірленді.

## **3. Диссертацияда келтірілген әрбір нәтиженің (ғылыми қағиданың), докторанттың тұжырымы мен корытындысының негізділік және шынайылық дәрежесі.**

*Бірінші нәтижесінің негізделуі* және шынайылығы зерттеу барысында орта мектепте “Қазақстан географиясы” курсын оқытуда экономикалық - географиялық ұғымдар мен заңдылықтар құрылымдық жүйесі құрастырылған және оның жаңа мазмұнды географиялық білім берудегі орны айқындалған;

*Екінші нәтижесінің негізделуі* және шынайылығы дәрежесі “Қазақстан географиясы” курсын оқытуда спиральді технологиясына сәйкес географиялық білім берудің мазмұндық және дидактикалық

компоненттерінің тиімділігін анықталған және оның орта мектепте білім деңгейін анықтаудағы ерекшелігі айқындалған;

*Үшінші нәтижесінің негізделуі және шынаилығы дәрежесі* - жалпы білім беретін мектептегі оқушылардың экономикалық-географиялық сауаттылығы мен құзыреттілігі деңгейін арттыруға бағытталған белсенді педагогикалық технологиялар негізделген және қысқа мерзімді сабак жоспарларының тиімділігі дәлелденген;

*Төртінші нәтижесінің негізделуі және шынаилығы дәрежесі* - жалпы білім беретін мектептегі “Қазақстан географиясы” оқытуда экономикалық-географиялық ұфымдар мен заңдылықтарды қалыптастыру әдістерінің тиімділігіне эксперимент жүргізіліп, дәлелденген.

#### **4. Диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиженің (ереженің) және докторанттың тұжырымының жаңашылдық дәрежесі.**

Ізденуші Н.Е. Усеновтің әрбір ғылыми нәтижесінің тұжырымдары мен көртындыларының жаңашылдық дәрежесі төмендегідей:

*Бірінші ғылыми нәтижесі жаңа, өйткені жаңартылған мазмұндағы мектеп географиясының экономикалық және әлеуметтік компонентін біріктіруге мүмкіндік беретін экономикалық-географиялық ұфымдар мен заңдылықтардың жалпыланған құрылымы алғаш рет құрастырылып отыр;*

*Екінші ғылыми нәтижесі жаңа, себебі оқытудың спиральді технологиясына сәйкес географиялық білім берудің мазмұндық және дидактикалық компоненттерінің тиімділігін анықтау үшін орта мектепте білім мен іскерлікті диагностикалау қажеттілігі бірінші рет ұсынылып отыр;*

*Үшінші ғылыми нәтижесі жаңа, себебі экономикалық-географиялық сауаттылығы мен құзыреттілігі деңгейін арттыруға бағытталған белсенді педагогикалық технологиялар қолдану әдістері ұсынылып отыр;*

*Төртінші ғылыми нәтижесі жаңа, өйткені қысқа мерзімді сабак жоспарларының (ҚМЖ) тиімділігі, теориялық түрғыдан және эксперимент жүргізу барысында тексеріліп дұрыс екендігі дәлелденген.*

#### **5. Докторант алған нәтижелердің теориялық және қолданбалы міндеттерді шешуге бағытталғандығы.**

Диссертациялық жұмысты Усенов Н.Е. төмендегідей бірқатар теориялық маңыздылыққа қол жеткізді:

- мектептегі жаңартылған мазмұндағы «Қазақстан географиясы» курсындағы экономикалық - географиялық ұфымдармен заңдылықтардың құрылымын талдап, экономикалық-географиялық ұфымдар мен заңдылықтар бойынша оқушылардың білімі мен іскерлігінің қалыптасу деңгейі анықталды;

- экономикалық-географиялық ұфымдар мен заңдылықтарды қалыптастыруды қамтамасыз ететін тиімді әдістемелік технологияларды негіздең, экономикалық-географиялық ұфымдар мен заңдылықтарды қалыптастыру әдістерінің тиімділігіне эксперименталды тексеру жүргізілді

#### **6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.**

Диссертациялық зерттеу жұмысында алынған негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары бір қатар отандық және шет елдердің басылымдарында, халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда 12 ғылыми мақала жарық көрді. Олардың қатарында Scopus мәліметтер базасында 1 мақала, халықаралық ғылыми конференциялар жинағында 5 мақала, отандық республикалық конференцияда 3 мақала, ҚР Білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті (БҒСҚҚ) ұсынған тізімге енетін журналдарда 3 мақала жарияланды және «Қазақша-орысша-ағылшынша тілдеріндегі экономикалық-географиялық ұғымдар мен терминдердің анықтама сөздігі» оку құралы әзірленді.

## **7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.**

Диссертациялық жұмыста бір қатар кемшіліктер мен ұсыныстар бар, олар:

1. Көші-қон үрдісін қарастырғанда тек 9 айлық (қантар-қыркүйек) мәліметтерді талдаپ, соңғы 2 жылдық мәліметті салыстырған, кез келген үрдісті талдағанда оның кемінде 5-10 жылдағы өзгеру серпінін қарастыра отырып талдау қажет (58 бет, 25-26 сурет, 11-13 кесте);

2. Диссертациялық зерттеуде, білім алушылардың экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтарды менгеру деңгейін анықтау үшін жаңа технология жүйесінде ойын, семинар, пікірталас, конференция сабактарының, дәріс, сынақ, топ серуендері, практикалық жұмыстардан басқа инновациялық дамыта оқыту, деңгейліп оқыту және т.б технологиялар қарастырылмаған (101 бет);

3. Диссертациялық жұмыста қашықтықтан оқытуға байланысты жаңартылған білім мазмұны аясында оқушыларда экономикалық-географиялық ұғымдар мен заңдылықтарды қалыптастыруда пайдалануға болатын тиімді технологиялар қарастырылмаған. Алматы қаласындағы №98 орта мектептің 9- сынып оқушыларына эксперимент жүргізу 2020-2021 оқу жылдарын қамтыған, бұл кезең эпидемиологиялық жағдайға байланысты карантин уақытын да қамтып отыр.

4. Диссертациялық жұмыста бір қатар грамматикалық және стилистік қателер кездеседі.

## **8. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.**

Усенов Н.Е. диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру қағидаларының» 2 бөлімнің №5, 6, 7, 8 тармақтарына сәйкестігі. Диссертациялық жұмыс «Ғылыми дәрежелер беру қағидаларының» 2 бөлімнің №5-8 тармақтарына сай келеді және «6D011600 - География» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға сай келеді.

Диссертациялық жұмыс аяқталған ғылыми еңбек болып табылады және оның нәтижесі Усенов Нурбол Ергешовичтің ғылыми еңбекті ұйымдастырудың қазіргі әдістерін менгергендігін көрсетеді. Ғылыми жұмыс қол жетімді және ғылыми тілде жазылған. Жоғары көрсетілген кемшіліктерге қарамастан, Усенов Нурбол Ергешовичтің «6D011600 - География» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Жаңартылған білім мазмұны аясында оқушыларда экономикалық-географиялық ұғымдар мен зандылықтарды қалыптастыруда тиімді педагогикалық технологияларды қолданудың әдістемелік негіздері» тақырыбында дайындалған жұмысы диссертациялық кеңесте қорғалуға ұсынылады және «6D011600 - География» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университетінің «География, жерге орналастыру  
және кадастр» кафедрасының профессор м.а.,  
география ғылымдарының кандидаты



Токбергенова А.А.

